Мерей ауылдық округінің жергілікті қауымдастық жиналысының №6 хаттамасы

Мерей ауылы **13 қазан 2025 жыл**

Төрағасы: А.Тулакбаев
Хатшы: Д.Қуанышева
Жиналыс мүшелерінің саны: 8 адам
Жүргізеді:
Мерей ауылының жергілікті қауымдастық төрағасы – А.Тулакбаев

Бүгінгі жиналысқа жергілікті қоғамдастық мүшелерінен 8 адам (тізімі жалғанады) қатысып отыр. Жиналысты өткізуге жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны жеткілікті. (Жергілікті қауымдастық мүшелері және ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерлері).

Күн тәртібі:

"Свинарник" көшесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары
(Хабарламашы – З.Магзомов Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы)

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 8 адам.

Барлықтарыңыз бір ауыздан ұсынысымды қолдап, қабылдадыңыздар олай болса күн тәртібі бекітілді. Сөз сөйлеймін деушілер болса рұқсат.

Сөйлеушілер:

1. **Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы З.Магзомов:**

- 2025 жылға "Свинарник" көшесіне (қатқыл топырақ төсеу) ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарда тұр. Мерей тұрғындары ұсынысымен, тәжіребиесі мол жергілікті «M-PROEKT SERVIS» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту жіберуді қалаймыз.

2. Мерей ауыл тұрғыны А.Кушалиев:

- Жаңбыр жауса балшық жүру қиын. Себебі топырағы борпылдақ. Жол үстін 5-7 см биіктету үшін жергілікті қатқыл топырақ бетіне төсеуді сұраймын. Ауа райы мүмкіндік беріп тұрғанда жасап кетсе дұрыс болар еді.

Scanned with CamScanner

Сөйлеушілер болмаса шешім қабылдансын:

Мерей ауылдық округінің жергілікті қауымдастық жиналысының шешімі:

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, бірауыздан шешім қабылдансын.

«M-PROEKT SERVIS» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту.

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 8 адам.

Жиналыс шешімі бір ауыздан қабылданды. Олай болса Мерей ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысын жабық деп жариялаймын.

Жиналыс төрағасы **А.Тулакбаев**

Жиналыс хатшысы **Д.Қуанышева**

Scanned with CamScanner